



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№14 (14) 20.04-05.2015



ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!!

Кезекті жаңа оқу жылында өздеріңізбен қауышып отырғанымызға бек қуаныштымыз. Өнер ордамыздың қабырғасында жарық көретін бұл басылым сіздердің жеткен жетістіктеріңіз бен еңбектеріңізді оқырман қауымға кеңінен насихаттауға ат салысып келеді. Бұл үрдіс әлі де жалғаса берері хақ. Университетіміздің табалдырығын аттап жатқан жас талапкерлерге толағай табыс тілейміз! Бағындырған биіктеріңіз бен асқан асуларыңыздың нәтижесін журнал бетінен көргілеріңіз келсе, бізбен бірге болыңыздар. Жазар көбейсін, жас тілшілер!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты

Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистранты, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Тілшілер: Камила Габдрашитова

Нұрислам Әбділ

Ләззат Алпысбаева

Амина Габдрашитова

Жанат Жайлыбай

Назгүл Ақшалова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77024878400

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Мәдени жаңалықтар	4	ҰЛТ ПЕРЗЕНТИНЕ ТАҒЫМ
Қ. Елубаева	6	СҮЛЕҮ СУРЕТКЕРДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНА СУСЫНДАҒАН КҮН...
А. Қадыралиева	8	«ҰЛЫЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ...»
Н. Салимов	10	ЖҮРЕНШЕ...
Қ. Ежембек	12	ОЗАТ ОҰЛЫ ОЛЖАСЫМ
А. Қуандықова	14	LA VITA È BELLA
Ж. Жайлыбай	15	МҮСІНШІМ
Л. Аллысбаева	16	«ӨНЕР. ТЕАТР. КИНО»
Н. Әбділ	18	ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ ҚАНДАҰ БОЛУ КЕРЕК?
Ә. Ақмолда	20	МЕНІ СОЛАҰ ӨКІНДІРДІ СУРЕТТЕР
	21	СТУДЕНТ КҮДЕЛІГІНЕН...
Н. Ақшалава	22	ОТАНДЫҚ КИНОФЕСТИВАЛЬДЕР ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ
В кругу шабыта	24	«ПАМЯТКА ДЛЯ ПЕРВОКУРСНИКА»
Новости культуры	25	МЕЖДУНАРОДНЫҰ КИНОФЕСТИВАЛЬ В Г. ПУСАН
Б. Балбаева, У. Цмангалиева	26	МЕЖДУНАРОДНЫҰ ДЕНЬ МУЗЫКИ
От первого лица	28	С ПРИВЕТОМ ИЗ ИТАЛИИ!
А. Муканов	30	ART GALLERY

A portrait of Abai Kunanbaev, a prominent Kazakh poet and philosopher, is shown in the upper right corner. He has a long, thin beard and is wearing a traditional cap. The background of the entire page is a vast, rolling landscape of green and yellow hills under a dramatic, cloudy sky with sunlight breaking through. The title is written in large, white, stylized Cyrillic letters across the middle of the image.

Абай Құнанбаевқа 170 жыл

Ұлт перзентіне тағзым

Шаңырағына өнердің сан түрін тоғыстырған Қазақ Ұлттық Өнер Университеті қыркүйек айының 17-ші жұлдызында алаштын абызы, даналық пен көрегендіктің иесі данышпан, ойшыл, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туылғанына 170жыл толуына орай «Ұлт перзентіне тағзым» атты қалалық көркемсөз оқу шеберлерінің сайысына мұрындық болды. Аталмыш университетте болған іс-шара Астана қалалық «Нұр Отан» филиалының ұйымдастыруымен және Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесінің құрметіне өткізілді.

Өнер сайысының өскелең ұрпаққа берері әрине зор. «Қалың елім қазағым, қайран жұртың» деп, қамығып, күніреніп өткен кемеңгер Абайдың әр сөзі, әр өлеңі жанға азық, білгенге білім, бағалағанға парасат екені сөзсіз. Бүгінгі кеш ұлы Абайдың өшпес өлеңі мен өлмес өсиеті арқылы елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясының орындалуына үлесін қосты. Себебі, жас ұрпақтың көкірегінде жатталған әр өлең, жанғырған әр тағылым бұл жастардың рухани құндылығының баюына, сонымен қатар отансүйгіштік сезімінің оянуына және ана тіліміздің қолдану аясының кенеюіне, Абай Құнанбайұлының шығармаларының халық арасында насихатталуына зор ықпалын тигізді.

Кеш басында құттықтау сөз алып, сайыстың әлқисасын бастаған «Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалы Төрағасының бірінші орынбасары Сапар Ахметов пен Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаева осы кештің маңызы мен мақсатына тоқтала кетті. Өнер сайысына белгілі Мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер майталмандары, жас журналистер, мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдері қазылық етті. Олардың қатарында: қазылар алқасының төрағасы, «Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасы» ММ-нің

басшысы Т. Қышқашбаев, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, жазушы Ф. Есім, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Р. Мұқанова, Еуразия ұлттық университеті ректорының кеңесшісі, Халықаралық «Шабьт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы, ақын Қ. Сарин, Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актрисасы, «Ерөн еңбегі үшін» медалінің иегері Б. Исабекова, «Қазақстан» Ұлттық арнасының тележүргізушісі Л. Топузидис болды.

«Ұлт перзентіне тағзым» өнер сайысы «Болмасан да ұқсап бақ» және «Адам болам десеңіз» атты екі бағыттан тұрды. Бірінші бағытқа қатысқан әрбір үміткер комиссияға Абай Құнанбайұлына арналған немесе еркін тақырыптағы бір өлеңін оқыды. Екінші бағытта өнер көрсеткен кандидаттар Абайдың шығармаларын жатқа айтты. Өнер сайысына «Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалының бастауыш партия ұйымдарының мүшелері, Астана қаласының оқу орындарының студенттері мен оқытушылары қатысты. Берері мол тағылымға тағзым жасаған кешке қаумалап келгендер көп болды. Ентелеп жиналған жұрттың Шопен залына сыймай қалғаны көбінің көңіліне кірбің ұялатты. Осындай ауқымды кешті ләжі болса Жамбыл залында өткізсе ғой деген ұсынысымыз бар.

Дегенмен, сайыс барысында әттең-ай дейтін тұстар көп болды. Арнайы іріктеліп қатынасқан қатысушылардың көбі өздерінің дайындығы жағынан ақсап жатты. Бірі сөзін ұмытып кідіріп жатса, көбі сөздің мәні мен мағынасына жіті мән берместен оқып шығып жатты. Ең басты қарын аштырар бір тұсы – қатысушылар бірінің оқыған өлеңін бірі қайталап, жаттаған өлеңдерінің аздығын бір байқатып қалды. Әрі өзге ұлт өкілдері де осы кеште өз бағын сынады. Тілін бұрап, қинап қазақшаға келтіргенімен сөз астары мен байыбына жіті бара алмады. Кеш барысында университетіміздің дәстүрлі ән мамандығының студенті Майра Жалғасова мен осы мамандықтың магистранты Сырым Мұхамеджанов көремеңге Абай әндерін тарту етті.

Сайыс қорытындысы бойынша, «Адам болам десеңіз» бағытының жеңімпазы Қазақ технология және бизнес университетінің студенті Кемелова Батима, II орын иегері Еуразия Ұлттық Университетінің студенті Базарбай Алтын, III орынды Республикалық диагностикалық орталығының медбикесі Екатерина Чемыкаева иеленді. «Болмасан да ұқсап бақ» бағытының I орын иегері С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенті Алдамжарова Нұрбала, II орын Еуразия Ұлттық Университетінің студенті Жалелов Дәулетрт, III орын «Астана» Медициналық университетінің студенті Шарапат Раушанбекке бұйырды.

Бір сөзбен бүгінгі іс-шара Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен өсиетті қара сөздері қараша халықпен мәңгі жасайтынын анық аңғартты. Қазақ бар да, Абай бар... Ал Абай бар да, қазақ мәңгі жасайтыны хақ. Ұлтына үлгі болған ұлт перзентіне деген тағзымның бір парасы, міне осы.

Нұрислам ӘБДІЛ,
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

Қыркүйек айында Оңтүстік Корея астанасы Сеулде Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, Қазақстан Республикасының Халық өртісі Айман Мұсақожаеваға Данкук университетінің PhD құрметті ғылым докторы атағы берілді. Құрметті PhD ғылым докторы дипломын танымал қазақстандық скрипкашы Данкук университетінің президенті Хо-сунг Чангтың қолынан алды. Салтанатты



түрде диплом тапсыру рәсімі Оңтүстік Кореяның жетекші университетінің түлектерін жыл сайынғы ресми марапаттау аясында өтті. Мінберде тұрып сөз алған Айман Қожабекқызының:

– Данкук университетінің құрметті докторы дәрежесін алу мен үшін үлкен мәртебе әрі екі елдің халықтары алдындағы үлкен жауапкершілік. Мен негізін Елбасы Н.Ә. Назарбаев қалаған Қазақ ұлттық өнер университетіне ашылған сәттен басшылық етін келемін. Міне, осы екі онжылдық бойы білім ошағы Тәуелсіздігіміздің жемісі мен жеңісіне куә болып, нығая түскен мемлекетімізбен бірге дамып, өсіп келеді. Өскеден ұрпақты тәрбиелеуде барлық күш-жігерім арнап, сарқылмас шабыт аламын, – дегені бәрімізге аян.

Есімі әлемге әйгілі танымал скрипкашы университеттің президенті мен жетекші топ-менеджерлеріне Данкук университетінің құрметті ғылым докторы атағын сеніп тапсырғандары үшін өз алғысын білдірді.



Данкук университеті корей елінің ұлттық мұраты мен мүддесін жүзеге асыруға айрықша үлес қосып, мәдени дәстүрі мен бай тарихы негізінде дамып келе жатқан университет ретінде белгілі. Бүгінде бірнеше даму кезеңдерінен өткен Данкук университеті мектептік білім беру жүйесінен бастап, бакалавриат, магистратура және докторантура сияқты халықаралық жоғары білім беру бағдарламаларына дейінгі жолды өтін, Кореяның жетекші университеттеріне айналды.

Сүйей суреткердің шижармаларына сусындаған күн...

Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!

Н.Ә. Назарбаев



Әрбір тәуелсіз елдің егемендігінің ең басты белгісі – ана тілі екендігі баршамызға аян. Біздің мемлекетімізде осыдан 26 жыл бұрын, яғни 1989 жылы 22 қыркүйекте өзінің «Тіл

туралы» заңын қабылдаған болатын. Содан бері осынау атаулы күн еліміздің түкпір-түкпірінде аталып өтуде. Биылғы жылы да республика көлемінде 300-ге тарта іс-шаралар жоспарланды. Солардың бірі – елордамыздың төріндегі Қазақ ұлттық өнер университетінің Жамбыл залында қыркүйек айының 25-ші жұлдызында Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің XVII республикалық байқауы болып өтті. Сөз додасын ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті мен Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы ұйымдастырды. Жыл сайын өткізіліп отыратын дәстүрге айналған аталмыш сайыста бақ сынауға әр қаладан 15 үміткер іріктеліп алынған. Жобаның бағдарламасы бойынша бірінші кезең прозалық шығармадан үзінді оқу болса, келесі кезең поэзиялық шығарма оқу болды. Қос кезеңде шеберлеріміз өз өнерлерін паш етуге толығымен мүмкіндік алғандығын ұйымдастырылу деңгейінен-ақ байқадық. Және де осынау доданың тізгінін ұстаған Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының артистері Қасымхан Бұғыбай мен Алтынай Нөгербек кештің қысы өтуіне өз септіктерін тигізді. Байқау арасында өткізілген шағын концерттік бағдарламаға көрермендер тарапынан зор алғыс айтылып жатты.

«Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес құзар шындарындай биік еді! Заңғар тауларынан құлап аққан өзендеріндей тасқын еді. Тауларының сілемдерін жайлаған ерке еліктеріндей елгезек еді. Өркеш-өркеш тастарындай ірі еді. Қалам сілтеген алыптардың бірі еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді» – деп, Қасым Қайсеновтың қарымды қаламгерге берген бағасымен келіспейтін жұмыр басты пенде жоқ шығар. Бүгінгі сайысқа да қатысушы жастардың әрқайсысының жүрегінде өз Оралханы бар. Заңғар жазушының қаламынан туған шығармадан өздерінің жүректеріне жақын үзінді оқуға келген қатысушыларымыздың дайындықтары жоғары екендігі біздерді қуантты, қазылар алқасынан шынайы бағаланды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин бастаған әділ қазылар алқасының құрамында филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Оразкүл Асанғазы, Ұлттық академиялық кітапхана бас директорының орынбасары, Оралхан Бөкейдің қарындасы Ғалия Исақанова, Қазақстанның Халық артисі Гүлжахан Әспетова, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп төрелік еткен биылғы республикалық байқаудың жеңімпазы болып Шығыс Қазақстанның намысын қорғаған Манай Ғалымхал танылса, I орынды Жамбыл облысының атынан қатысушы Қонысбай Ембергенев қанжығасына байлады. Жұлделі II орынды Ақмодалық Ардақ Қасымхан тақымына басты. III орынды Оңтүстік Қазақстан облысынан келген Фариза Алиева иеленді. Байқауда бақ сынағандардың барлығы «Алғыс хатпен» марапатталды.

Биылғы жылдың 25 қыркүйегі біздің есімізде, Астана тұрғындарының есінде ғажайып нәзік суреткер, көрнекті жазушы, сөз өнерінің шебері Оралхан Бөкейұлы Бөкейдің шығармаларына терең бойлап, сусындаған күніміз болып есте қалмақ. Осы жылғы додаға куә бола алмаған болсаңыз, өкінбеніз. Бұл дәстүр келесі жылы да жалғасады. Сол кезде сізді де көрермендер қатарынан көріп қалармыз.

Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

«Ұллардың жалғасы»...



Ес-аймақ – сонау 1920 жылы Семей қаласында мәдени-танымды дамыту мақсатта құрылған драмалық үйірме екені баршамызға мәлім. Бұл труппа сахна өнеріне бейімі бар әнші-күйшілерді, бишілерді басқа да дарынды өнерпаздардың басын қосып, қазақ жеріндегі театр өнерінің, драматургия жанрының жандануына үлкен жол ашты. Қазақтың сахна өнерінің тууына себеп болған үйірмені ұйымдастырып әрі оған көркемдік жетекшілік еткен Сейітқазы Тоқымбаевтің еңбегі зор. Ол өмірден озған соң, оның орнын жоқтатпай театр өнерін жасауға режиссерлік қызметімен кіріскен Уәли Тұрлыбековты айтпай кетпеуге болмас. Драматургиялық, режиссерлік ой-тұжырымдамаларымен қымбат болған М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтар да өз шығармаларымен сол уақытта сахнаның шырағын жақты. Жоғарыда аты аталған ардақты жандардың барлығы Семейдегі қабілеті бар жастарды өнерге баулуда мол еңбек сіңірген ірі қайраткерлер.

Қазақ өнерінің көрнекті өкілдері Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Ж. Шанин, Қ. Байжанов, Ж. Елебеков, Ғ. Төлебаев, М. Ержановтар алғашқы сахналық сапарларын осы труппадан бастап, өнер сүйер қауымға кеңінен танылды. Жанып тұрған жалыннан жаралған жастардың жыр кешімен барлық аймақтарда өнер корсету арқылы жергілікті халықтың сауатын ашып, білім дәрежесін көтеруге елеулі ықпал еткен һәм әрі кәсіби сахнаға жалғаған шынайы халық шеберлері.

Міне, кезінде әр өнерпаз өз қызметінің күрделілігіне қарамай труппаның көркемдік жұмысы жандана түсуіне ерекше мән берілген Ес-аймақ бүгінде жаңғырып қайта түледі. Иә, қайта түлеуіне түрткі болған марқұм белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай еді. Әшірбек ағамыздың көзі тірісінде өткен «Ұлттық болмыс, ұлттық құндылық» және «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» ауқымды тақырыптардан кейін, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті ашық акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахманов, Қапан Бадыровтың 110 жылдығы мен Сәбира Майқанованың 100 жылдық мерейтойларына орай Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының талантты актерлері Нүркен Өтеуілов пен Айнұр Бермұхамбетова, жазушы-драматург Роза Мұқановалармен шығармашылық кездесулер болды. Ал, 21 қарашада жазушы Төлкен Әбдікпен бірге өткен әсерлі кештен соң, бір жұмадан кейін Саялы байтерегіміз кү... құлады...

Кім ойлаған! 2015 жылдың басын жоқтаумен бастап, Әшірбек Төребайұлына арнап еске алу кешін ұйымдастырамыз деп. Театр сыншысының әлі де қазақ театрларына жасауға тиіс игі істерін ойласақ, жүрегіміз қақ айырыла жаздайды. Жұдырықтай жүрегімізге сағыныштың зіл қара тасын арқалап сахнадан «Ес-аймақтың» иесін іздедік. Күйзелдік. Тепсіндік. Иә, ыстық жас жанарымыздан тоқтаусыз тамып құрметті ұстазымызды еске алдық. Алла ауызына салды ма екен, әр кездесудің не басы не соңында «Мен өлсем де Ес-аймақ өлмесін, жүргізін отырындар, бұл бәріңе аманат» деп бәрімізге үлкен міндетті жүктеп кетіп еді. Сол Әш ағамыздың аманатына қылаудай қиянат жасамау жолында бар күш-жігерімізді жинап, жұмыла жұмысқа кірістік. Яғни, есін жиған Ес-аймақ иесінің жетелеуінсіз алғашқы қонағын «Адалдықты арқа тұтқан қаламгер» атпен жазушы-драматург Әкім Таразиді күтіп алды. Сосын «Қаллеки» театрының талантты актерлері – Ержан Нұрымбет, Қуандық Қыстықбаев, Жасұлан Ерболаттың қатысумен «Таңғажайып театр» атты шығармашылық кездесуімізден кейін, Қазақстанның халық артисі, «Алаштың Айбозы» Қайрат Байбосыновпен маусымызды жапқан болатынбыз.

Міне, оқу жылымыздың басында тәрбие-біліммен бірге мәдени іс-шарамызды да қоса атқаруға құлшына кірісіп кеттік. «Ес-аймақтың» тұрақты жүргізушісі Мирас Әбіл алғашқы маусым ашар қонағымызбен 2011 жылы кездескенде «Әшекеннің басқа да балаларына» деп «Қалибек Қуанышбаев» кітабын ұсыныпты. Қаперінде ешнәрсе жоқ студент, кетерде ала кетемін ғой деп пакетке салынған бес кітапты есіктің бұрышына қоя салса керек. Бірден байқап қалған қаламгер ағамыз «Балам, қазақта үш нәрсені босағаға қалдырмайды. Олар – кітап, домбыра, қамшы. Кітап – сенің құраның, домбыра – сенің өнерің, қамшы – сенің намысың» деп, алғыр жігітке өзінің орынды тұжырымдарын ұқтырған екен. Сол сүйекті сөздердің иесі, филология ғылымдарының докторы, алаштану, абайтану, әуезовтану бағыттарында ерең еңбек сіңірген қайраткер тұлғамыз Тұрсын Жұртбай - «Ес-аймақтың» төріне қонды. Өткінші жауындай білім нәрін төгіп кетуге келген жазушы Тұрсын ағамыздың ортаға салған бағалы ойлары мен өрбіткен келелі әңгімелері жас ұрпақтың кәдесіне жарарлық пайдалы отырыс болғаны айтпаса да түсінікті. Кеңес кезіндегі, тәуелсіздік жылдарындағы көңілге медеу болар жақсылықтарды жарнамалай отырып, әлі де орны толмай келе жатқан қайсыбір мәселелерді ұйғыммен түйреп ашық айтты. Теңіз тәрбиесінде малтый білетін білімгерлер тұлғаның бойынан шыншылдық, адалдық, еңбекқорлық қасиеттерінің барын жақсы білдіреді. Марқұмдарды қастерлеп, тірі жандарды ардақтап тіршілік жасау ата-бабалық борышымыз, ұрпақтан-ұрпаққа жетуге тиіс қасиет екені оның әрбір сөзінің астарында атойлап жатты. Тұс-тұстан қойылған сұрақтарға керекті дәлелдер тауып, ұтымды оймен нәтижелі сөз арқылы ұғымды етін жеткізуі – ақылдан кенже болмаған адамның белгісі болар. Көргені мен білгені берекелі Тұрсын Құдакелдіұлымен өткен кездесу шәкірттер үшін бір тамаша рухани кештің болғаны анық. Өйткені, білімгерлер бірден өркениетті болып тумайды, көптеген өткел асулардан абыроймен өткен осындай тұлғалармен тілдесу арқылы оған қол жеткізетіні рас.

Қызықты сұрақ-жауаптардың арасын «Драма актерінің» 3 курс студенті Нұрсұлтан Есет «Жүрегімнің поштасы» әңгімесінен үзінді оқуымен, «Дәстүрлі ән» кафедрасының 2 курс студенті Нұртуған Тұрсынқазы мен 2 курс магистранты Сырым Мұхамеджановтардың тамаша әндермен жалғасын тауып жатты. Ес-аймақтың мәдени-танымын көтере түсуге өр жолы көл-көсір көмегін тигізін отыратын қалыпты әдеттерінен танбай, бұл жолы да Алаштанушымыздың жиырмаға жуық кітаптары мен монографиялық еңбектерін жинастырып шағын көрме жасауға атсалысқан Қазақ ұлттық өнер университеті кітапхана қызметінің басшысы Ғазиза Тұрмағанбетқызы Исахан, анықтамалық-библиографиялық қызметінің жетекшісі Олжагүл Базарбайқызы Абенова, кітапханашы Баян Нұртасқызы Исабековаларға алғысымыз шексіз. Кеш иесі де үлкен рахметін айта отырып, арнайы ала келген өзінің кітаптарын кітапханаға табыстады. Қазақ Елінің тарихын, әдебиетін, мәдениетін түбірлі зерттеуде алдыңғы қатарда жүрген Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай расында да «Ұлылардың жалғасы»...

Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театртанушы



Жиренше...

Әділдіктің туын бөрінен де биік ұстаған ақсақал қарт ортада отыр. Бір ауыз сөзімен барлық жыбырлаған ауызды тыйып тастап, таласқа түскен екі жаққа кезек-кезек сөз беріп, айтылған ауыр сөздердің салмағын өзінше сезініп шарасыз сыңай танытады. Кешегі Ендік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың басынан өткен сұмдық жағдай бүгін тағы да қайталануға шақ тұрған сәт. Тағы да жесір дауы. Айдар мен Ажардың арасындағы ақ махаббаттың ғұмыры қамшының сабындай ғана қып-қысқа болғаны қандай өкінішті. Өткеннен мысалдар келтіріп, Айдарды ақтағалы шыққан Керімнің аузына күм құйылғандай қылып, қаһарлы сөздерімен қылқындырып жатқан Жиреншенің түрінде жанашырлық жоқ. Ол салт-дәстүрді сақтау, баба аманатын ақтау парыздарын арқаланып Абайға пышақ ұрмақ. Себебі, Айдар Абайдың біліммен баулып, көзін ашып, ілімге үйреткен болашақтан үлкен үміт күттіретін таңдаулы шәкірті емес пе?! Айдарға қарсы жұмсалған жұдырықтың Абайға да тиетіні сөзсіз шындық. Жәбір көрсету кейіпіндегі Жиреншенің жиіркенішті қылықтары Абайдың жанына қатты батып жатыр. Менің де жүрегімді жұлқылап сыздатып барады. Оған себеп, Жиренше бейнесін орында жатқан актер Жанқалдыбек Төленбаевтің отты жанары, сенімді әрекеті, шынайы сезімі мен ащы дауысы. Актер өзі ойнайтын кейіпкерін жақсы түсіпген, оның ішкі дүниесін қиялымен, ақылымен сезіне білген. Жиреншенің аяқ астынан сөз тауып кетуін, қысылғанда қылған айласын, отты сөздерін, кейбір кездерде жанындағыларға жағыну үшін жасаған жылпостығын Жанқалдыбек көрермен көңіліне күмән келтірмей өте сенімді түрде орындайды. Дауысын әр түрлі мақамға салып, бірде жіңішке сөйлесе, қисынын келістіріп кесіп айтатын сөздерін төменгі дауыспен байсалды, салмақты түрде жеткізеді. Сахнада бір қалыпта ғана қалып қоймай, айтқан сөздерімен жанасатын қимыл-қозғалыстар тудыра отырып өз кейіпкерінің мінезін құбылта түседі. Сөз арасында айналаға қадап-қадап алатын арғы жағы арамдық пен ашуға булыққан өткір жанары, жоғары-төмен ойнақшып жатқан қас-қабағының қозғалысы, тудырған іс-әрекетімен бірге сан түрлі кейіпте жыбырлап жатқан Жиреншенің бет-әлпеті актер Жанқалдыбекті шынымен де ұмыттырып жібереді. Ол сахнада кейіпкер тағдырымен өмір сүруді жетік меңгеріп алғанын әр қойылымдағы әр түрлі образдарында көрерменге дәлелдеуде жалыққан емес. Керімді сөзінен сүріндіріп, дау майданында батырлық көрсеткендегі жап қуанышы – Жиреншенің жеңісі, Жанқалдыбектің еңбегі. Алайда, дәл осы қуаныш ұзаққа созылған жоқ. Сөздің астарын, даудың мәні мен бағытталған нысанасын тереңінен түсініп тұрған дана Абай әңгімеге еріксіз араласты. Осы екі кейіпкердің арасындағы ұзаққа созылған ұрыс Жиреншенің амалсыз тізе бұгуімен аяқталды. Өйткені, Абайдың көксегені өлім емес өмір, тыныштық, ертеде кеткен қасіреттерді қайталамай, біріне-бірі ынтызар көңілдердің арасын айырмау болатын. Осы оқиғада актер Жанқалдыбек Жиреншенің сөзден ұтылған сәтіп қимыл-қозғалысымен, күрсініп шыққан демінің өзімен-ақ түсіндіреді. Абайды өлтіруді жоспарлаған кезде де, ақылға салып, қылмыс жасайтын адамды алыстан емес, дәл қанатының астынан тапқан да осы Жиренше болатын. Тапқырлығына мастанып, жабайылықпен ыржақтап күліп, біразға дейін айналасындағыларды тапқан айласымен таныстыруға асықпай, сөз арасын соза түсіп,

дауысын Абай естіп қоятындай күдіктеніп сырбырлап сөйлеп, бұл қылмысқа Керімді жұмсау керектігін айтқан кездегі мимикасы, жүріс-тұрысы, көкейіндегі көксеген мақсатына көрермен көңілін ертіп әкетуі Төленбаевтың образ тудырудағы шеберлігі екендігі даусыз. Аянышты өтіп жатқан оқиғалар арасында ашуға басып, зіл тастап сөйлеп тұрып та езуге күлкі үйіртетін кездері болып жатады. Осы Абай трагедиясын сахнаға шығаруда кейіпкер психологиясын жан-жақты зерттеп, характерін ашып, өзі ойнайтын рөлінің мақсат-міндеттерін жете түсініп, бейнелеу барысында тер төгіп дайындалған актерлердің бірі де бірегейі Жанқалдыбек болуы әбден мүмкін. Ол шынымен де спектакль барысында анып жүреді, сөзі аяқталған кезде де кезегін күтіп бос тұрғанын көрмейсің, әйтеуір бір іспен айналысып, тың көзқарастар қалыптастырып, сөйлеп жатқандарға қадала қарап, оның айтып жатқан ойымен келісетінін немесе келіспейтінін көрерменге тек тұрысымен ғана түсіндірін беретіндей қабілетіне таңданасың. Кейбір кездерде ашуға ерік беріп сөйлеген сәттерде айтқан сөздерін қатты шыққан дауысы басып кетіп, не дегенін түсіне алмай қалатыным бар. Осындай өрекеттерді актер келесі қойылымдарда қайталамаса екен деймін. Алайда, Жанқалдыбек бейнелеген кейіпкерлер ішіндегі қылығынан адам жиіркенетін арам пиғылды, қара басынан басқа жан біткенге жақсылық ойламайтын жағымсыз кейіпкердің өзін жақсы көруге болатын шығар. Актер кейіпкер болып сөйлей алады, кейіпкер болып ойлана алады, уайымдап қуанады, жеңіп жеңіледі, бойында бар барлық қабілетін қоса ұтымды пайдаланып, сауатты жұмыс жасайды. Төленбаевтің бейнелеуіндегі Жиренше образының барлық қыр-сырлары мен мінезі ашылған, ең бастысы өз орындаушысын таба алған деп санаймыз.

Нұржан САЛИМОВ,

«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

профессор Ә. Сығай шеберханасы



Озай ойлы Олжасым

«Түсірердей есіме,
Сәттерімді бұрынғы.
Аялаймын үнемі,
Сол аяулы ғұмырды.
Кезең туса дәл бүгін,
Сипар едім шіркін-ай,
Өзендей боп есілген,

Толқын-толқын бұрымды...», – деп өлең оқи бастады бірде жас ақын шабытына еніп. Жүректі жарып, санаға саңылау тапқан «Түсірердей есіме» туындысының алғашқы шумақтары белгісіз бір нәзік қызға арналғандай еді...

«...Ойлап тұрам мен соны,
Атса болды құба таң.
Көңіл дейтін көктемде,
Соған арнап гүл атам.
Сонау жылы серт байлап,
Айрылмасқа бекінген,
Шынымды айтсам мен оның,
Күйеуінде ұнатам...»

Иә, өлеңнің дәл осы жолы оқылғанда поэзия әлемін жанына жақын тұтқан жұрт езу тартты. «Қызды ұнатқаны дұрыс-ақ. Күйеуін ұнатқаны несі?», – дескендей болды қайсыбіреулер іштей күбірлеп. Алайда,

«... Маған ешбір тіршілік,
Тірек бола алмайды,
Ауылдағы анамның,

Маңдайынан сүймесем!» деген сырлы сөз саптауларымен жыр нүктесі қойылған сәтте, ақын аталмыш шығармасын қиялдағы қызына да, армандаған аруына да емес, ауылдағы кәдуілгі ақжаулықты анасына арнағанын барлығыда ұғынған-ды.

Бұл жайт 13.06.2015 жылы Елорда шаһарындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапхана залында орын алған болатын. Сол күні ақын Олжас Қасым мен Саян Есжанның шығармашылық кештері өткен. (Жеке күнделігімнен).

Жалпы, мен Олжасты танығаным біраз жылдың жүзі болса да, етене араласқан емеспін. Десек те, арагідік, тиін-қашпай, шамам келгенше өлеңдерін жиі оқуға тырысып, көкжиек кеңістігіне көз жіберін тұратыным бар. Жоғарыда тіл ұшына тиек болған өлең, ақынның қоңыр үнімен аузынан самалдай есіліп, құлақ құрышын қандырған уағында, оның өнер ғаламына тағы бір мәрте жақындай түскенімді жасыра алмаймын.

Ана тақырыбын қозғай отырып, әке күдіретіне деген адал махаббат биігін әдемі үйлестірген Олжасқа тамсанбасқа әддіңіз жоқ. Байқағаным сол, оның өлеңдері көбінесе салмақты ойға құрылған. Дәлелде дейсіз ғой?! Қайсыбірде Жанат Жайлыбай, Мирас Әбді, Қуат Ежембек (соңғысы осы мақаланың авторы) Жезқазған қаласына сапар тарттық. Ондағы мақсатымыз 30 бөлімнен тұратын «Тарғынның күнделігі» атты сериалдың сценарийін ойластырып, қағаз бетіне түсіру еді.

Әуелі, қалам тартпас бұрын не жазамыз, қандай кейіпкерлер болады және есімдерін қалай қоямыз, соны талқыға салдық. Үшеуіміз сан тараптан шама-шарқымыздың жеткенінше көкейдегі

жиған-тергенімізді ортаға салдық. Солайша бірсыпыра ісімізді атқарып алдық. Тек, ауылдың ақылгөй әжесіне лайықты есім таба алмай біраз толғанысқа түстік. Кенет, үстел үстіндегі Олжас Қасымның «Бозбеткей» атты еңбегі жанарға ілінді. Соны парақтай бастадық. Аздан соң, «Шаку апа» өлеңіндегі басты қаһарманды неге алмасқа дестік, бір-бірімізге қарайлап. Дұрыс-ақ. Артынша өз ұсынысымызды өзіміз мақұл көре бастағанбыз әлгі шақта. Одан әрісіне көштік. Уақыттың қыспаққа алғаны соншалық, әрқайсымыз күніге 2-3 бөлімнен жазып, бітіруге мәжбүр болдық. Несі бар, белгілі бір мерзім аралығында сценарийді тәмамдауға да таядық. Сериалдағы Шаку апамызды о дүниелік қылдырдық. Енді оның болмысын апар оқиға таппай, біраз әбігерге салындық. Ақыр соңы Шаку апаның аруағына көз қадаған Айқынға тіл бітіруді ұйғардық. Онымыз жөн ғой, бірақ әлгі кейіпкеріміздің аузына қандай сөз саламыз, сол ғыннан сәл-пәл қиналған едік. Сосын қайта Олжастың еңбегіне жүгініп, «Неге, «Шаку апа» өлеңінің соңғы шумағын алмасқа? Осы ғой бізге керекі» – дестік.



«...Ойларға шомам кейде тұншығып мың,

Көктеуі үшін балғын бір шыбықтың.

Бәріміз де сол апа сияқтымыз,

Тезегін терін жүрген тіршіліктің...»

Иә, өмірлік пәлсапаға негізделген, адам баласына ақыл қосар бір ғана шумақ бүкіл Шакудің шынымен де бар табиғатын ашып тұрғандай-ақ екен. Оның үстіне сериалдағы біздің «Шаку апамыз», Олжастың «Шаку апасының» прототипі еді ғой. Ендеше, бәрі қисынды деп қабылдадық. Әрине, авторға қоңырау шалып, рұқсатын сұрағанбыз. Баяғы ақ көңіл мінезін жаңылмайтын ол, сол жолы да бірден келісім бере кеткен.

Осынау орайлы сәтті пайдалынып, тағы бір үзік сыр тарқатсам деймін. Қайсыбірде сырқаттанып қалған болатынмын. Содан, тым болмаса жанымның рухани жарасын жазайын деген ізгі ниетпен кітап оқи бастадым. Олжастың жазғандары да тасада қалмады. Жалған айтты демессіздер, оның «Майдангер атамен өңгіме» атты өлеңіндегі:

«... Абзал ата, маған сәл-сәл мұң шаққыз,

Көкірегіңе коктемдерден гүл таққыз.

Сіз соғыстан жұқтырдыңыз сырқатты,

Қазір біздер соғыспай-ақ сырқатпыз» – деп келетін жыр жолдары жүрегіме терең бойлай барғанда, жанарыма жас толған. Тап солай. Соңғы жылдары Олжас қалың ойдың қак ортасында жүргенге ұқсайды. Оны қаңырап бос қалған мектебі, күн санап адам саны сиреп баратын ауыл тағдыры аландатып жүр ме екен? Жоқ, әлде «Бозбеткей» даласы сағындырды ма?

Көңілден сенде жүрген кез кетпейді,

Жырлар ем, әспеттер ем сөз жетпейді.

Бозбала дәуренімді аңсағанда,

Бетке алып кетсем, шіркін, бозбеткейді.

(О. Қасым «Бозбеткей» өлеңінен үзінді).

Қуат ЕЖЕМБЕК,

Астана қаласы қуыршақ театры

«Әдебиет» бөлімінің менгерушісі, театртанушы

La Vita è Bella

Италия – көркем өнердің алтын бесігі. Жүрегі өнер деп соғатын адамның Италияны бір көруге құмартуы заңдылық. Атақты Леонардо да Винчидің «Құпия кешін», Микеланджелоның «Сикст капелласын», әр бұрышы тарихқа тұнып тұрған Пантеонды сөзбен айтпай, көзбен көргенге не жетсін?! Алысқа бармай-ақ, өз өнер ордамыздан осындай мүмкіндікке ие болған бақытты жандар да жоқ

емес. Олар академиялық мобильдік бағдарламасы бойынша тікелей Миландағы Вгега көркем өнер академиясында алты ай көлемінде білім алып, шетел асып келген «Көркем өнер» факультетінің 4-5 курс студенттері – Темірбаева Меруерт, Мусина Алмагүл, Исаева Меруерт, Тайшикова Дариға, Кемелбаева Әсел сынды болашағынан зор үміт күттіретін өнерпаздар. Осы тұрғыдан оқырмандарымыз үшін Италиядан алған әсерлері, жинаған тәжірибелерімен бөлісу мақсатында «Кескіндеме өнері» факультетінің студенті **Темірбаева Меруертпен** сұхбаттасқан болатынбыз.

– Оқуға жолдама алғанда алғаш қандай әсерде болдыңыз?

– Қуаныш, толқу, қорқыныш сезімдері ұштасып жатты. Дегенмен, барлығынан қуанышым басымырақ болды.

– Біздің университетіміз бен Вгега оқу академиясының оқыту жүйесінен қандай айырмашылықты байқадыңыз?

– Ол жақта да, бізде де боллондық білім беру жүйесі қалыптасқан. Алайда, академияда бұл жүйе толыққанды іске асырылады. Сабақ кестесін студент өзі дайындайды. Оқытылатын пәндерден бөлек міндетті түрде қосымша пәндерді қалауынша қосып немесе алып тастауға, қалаған тәлімгерінен білім алуға құқылы. Студенттің ой еркіндігі мен шығармашылық еркіндігі басты құндылық болып саналады. Жалпы, академияда шығармашылық адамы үшін барлық жағдай жасалған.

– Оқу барысында қиыншылықтар туындады ма?

– Айтарлықтай қиын бола қойған жоқ, керісінше бізге профессор: «Тым көп жұмыс жасайсындар, күштеріңді көп жұмсамаңдар» – дейтін.

– Осы сапар шығармашылығыңызда өзгеше қырыңыздан өсіп-өркендеуіңізге жаңа леп алып келе алды ма?

– Әрине, әлем мойындаған ұлы қылқалам шеберлерінің туындыларын көргендегі әсер талай жылдарға дейін бізді шабыттандырып тұрары анық. Онымен қоса, сабақтан бөлек уақытта Италияның Рим, Венеция, Пиза сияқты әсем қалаларында да болып қайттық.

– Есте қалар бір оқиғамен бөліссеңіз...

– Пасха мейрамы кезінде Әулие Петр мұражайына барғанбыз. Ойда жоқта бір үлкен жиынның үстінен түсіп, Рим папасын көрдік. Сондай-ақ, Миландағы «EXPO – 2015» көрмесінде Қазақстанның биік мәртебеге жеткенінің куәсі болдық.

– Шет елде білім алғысы келетін студенттерге айтар кеңесіңіз.

– Ең бастысы тілді меңгеру, қорқынышты жеңу, арманыңа жету үшін талмай еңбек ету.

Сұхбаттасқан: Ақнұр ҚУАНДЫҚОВА
«Өнертану» мамандығының 2 курс студенті



Мүсіншім...

(Өнер жолындағы анам, ұстазым Мұқанова Роза Қажығалымқызына арналады)

Мен таспын..

Қап-қатты жүрегім мыстан бір,
Рухымды өзіңе арбатқан.
Айналшықтап ұстам жүр,
Мені қашап жан-жақтан.
Мерт тағдырым еңкейме,
Ағаш қана секілді ем.

Безіңемін мен кейде,
Ұстам мықтап бекінген.
Мен таспын...

Бос қаңқу ем, сынар бақ,
Кімге керек, тас жүрегім алқынған.
Мүсін жасап шығармақ,
Керексіз тас қалпымнан.

Мен таспын..

Бағын ашып әркімнің,
Сен ұстам, мәрмәрсің, алтын ба ең?
Мүсіншім кұр босқа шарқ ұрдың,
Жай ағаш шығармын бәлкім мен.

Таспын мен..

Лағылдап кетем асаулап,
Қопсытам бәрін шат күлсем.
Шабытпен сонда қашаулап,
Барыңша ұрғылап, жаттың сен.
Арланар жаным, сандалар,
Мүсінші көрмеген жастайың,
Мүсіншім, дүйім бір таң қалар,
Мүсін жасамақсың дап-дайың.
«Емессің тас»....

- деп, ұстам тартып түр езуің,
Тас бола тұра, басқадан қалай аса алам?
Бірінші шығар бұл көруім,
Жай тастан мрамор жасаған.
Бұл қоғам әлі сан өйтті,
Сынаудан бәрі құралған.
Микеланджело Давидты,
Мрамордан жасап шығарған.
Ол сонда да сыналған...



О, мүсіншім...

Тобыр басқа, қызғанып жүр тәніңе.
Қай мүсінші, қарымыңнан аса алған,
Дәж, басым тас қалпында әлі де,
Аяқ жағым әп-әйбәт боп қашалған.
Жасап жатсың, мендей мүсін үшін кім?
Мен емеспін, іште жатып тебетін.
Ар пендесі, жан пендесі мүсіншім,
Сен ғанасың мраморлыққа сенетін.
О, мүсіншім, қашауыңмен, төрде тұр.
Жиып тастайм, ырбың менен күлкіні.
Е, гадауат қор де тұр
Таза мүсін боп шығамын бір күні.
Бабымен, бағын ашқан тас ұлдың.
Мрамор қылып, тәрк етеді күшін кім?
Өнеріңе есеңгіреп бас ұрдым
Өз бейнесін жасап жатқан мүсіншім.
Талантыңа бас ұрдым,
О, Мүсіншім, Мүсіншім !

Жанат ЖАЙЛЫБАЙ,

«Кинотеледраматургия» мамандығының 4 курс студенті
профессор Р. Мұқанова шеберханасы

«Өмір. Театр. Кино»

Бүгінгі күні біз ақпараттық технологияның өте қарқынды дамып келе жатқанына куә болып отырмыз. Ғаламтор... теледидар... Оның ішіндегі жарыса жүргізетін әр түрлі бағдарламалар легі. Күні бүгінге дейін естіп көрмеген су жаңа деректер... Әлемдегі бар жаңалықты беремін деп жанталасып жатқан адамдар...

Көзімізді аша сала үйімізде өзіндік маңызды орында тұратын көк жәшікке телміре қарайтынымыз анық. Таң атысынан күн теледидардың өміріміздегі алар орнын айтып жатудың да қажеті батысына шейін тыным таппай, ұйықтар уақытта ғана сөндірілетін шамалы. Қазіргі телеарналардың көбісі рейтингін көтеру мақсатында небір берекетсіз шоу-бағдарламаларды дүйім жұрт назарына ұсынып жатқанын тілге тиек етпесекте белгілі. Не дегенмен әр нәрсенің жақсылығы мен жамандығы қатар жүретінін ескерген абзал. Сондықтан бұл ретте жақсы танымдық, эстетикалық бағдарламаларды да жоқ деп айтаудан аулақпыз.

Отандық телеарналардың бүгінгі жағдайына келетін болсақ, көңіл қуантатын да, мұнайтатын да тұстары баршылық. Соның ішінде «Білім және Мәдениет» арнасындағы сенбі күні сағат 17.00 де Дмитрий Бирюковтің продюсерлігі һәм режиссерлігімен көрерменге жол тартатын «Өмір. Театр. Кино» тележобасы жайында аз-кем ой тарқатқым келіп отыр. Аталмыш бағдарламада театр, кино, опера-балет өнерінде айтарлықтай із қалдырған дара тұлғалардың өмір өткелдері мен шығармашылық шеберліктері қақысында үзік сыр шертілетіні көпке аян.

Нақтылай түсейік, жобаның басты идеясы - өмірі өнерімен өрнектеліп, сабақтасқан тұлғаларды жан-жақты зерттеп, көрермен қауымға кеңінен таныстыру. Мәселен, осы жылдың мамыр айының екісі күні көрсетілген бағдарламаның басты кейіпкері М. Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының белді актерінің бірі – Мүлік Сүртібаев болды. «Ол сахнада шын күліп, шын жылайтын. Қойылымға дайындық барысында-ақ Мүлік өз кейіпкерінің мінез-құлқын мүдірмей тауып алатын», – деп пікір білдірді әріптесі Жәмилә Шашкина. Осылай бастау алған бағдарламаның сол күнгі санында талантты актердің өмірінен деректер беріліп, мехнаты мол, соқпағы сан алуан өнер жолындағы бейнесі кеңінен дәріптеліп, талайға белгісіз әрі бергісіз тың, бағалы ақпараттарға куә болдық. Мысалы, бірде актер Бауыржан Қаптағай

ӨМІР

ТЕАТР

КИНО

қатты ауырып қалған уақытта М. Сүртібаев жанынан табылып, қамқор болады. Дәрігер келіп екпе жасап, шығып кеткенде, Мүкең келіп:

- Бауыржан қалай болды?

- Ой, Мүке біттім ғой мен... осы жерден сүйегімді алып кетесіңдер.

- Ойбай айтпа, дәрігер саған не деп айтты?

- Мүке, бір бәтелке суық арақ ішсең жазыласың деп айтты, – депті. Міне, сондай аңғал, жаны жайсаң Мүлік Сүртібаев өмірінде жоламаған ащы суды дүкеннен өз аяғымен барып алып келіп, әріптесіне ұсынған.

Сахна адамының өмірінен орын алған мұндай оқиғаларды көк жәшіктің арғы беткейінен көрсетіп халыққа жеткізу, әрине, құптарлық іс. Одан еш ұтылмаймыз. Керісінше ұтарамыз көп болмақ. Дүние танымымыз кеңейіп, өнерпаздардың жан дүниесін тани түсеміз. Дегенмен, бағдарлама барысында Мүлік Сүртібаевтің театрдағы рөлдеріне баса мән беріліп, кинодағы жеткен жетістіктері айтылмай кетті. Тек «Шабандоз қыз» кинофильміндегі рөлінен үзінді ғана көрсетілді. Осы олқылықты түзетсе деген пікіріміз бар.

«Өмір. Театр. Кино» тележобасының біз үшін ең ұнаған тұсы – ізденушілігі. Том-том болып архивте шаң басып жатқан қаншама тың материалдарды жинап, жинақтап, эфирге сай өңдеп шығудың өзі үлкен машақаты бар іс. Ал, өнер саңлақтары жайлы білу ол тарихымызды білу, кейінгілерге алдыңғылардың өмірінен ғибрат алуға баулу. Жақсының жақсылығын айт демекші, көгілдір экрандағы қажеті шамалы бағдарламалардың арасында терең ізденіс, жоғары талғам, эстетикалық жағынан тамаша өрленген, мұрағатпен жұмыс жасайтын, естеліктерді алдымызға алып келетін, бізді қызықтырған тың жаңалықтары бар, мәдениетті «Өмір. Театр. Кино» тележобалардың отандық телеарнада көрсетілуі көңіл қуантарлық жайт. Қазіргі күнде театр, кино өлеміне ғаламторға еліктеп кеткен жастарды тек қана жастар емес-ау, барлық адамдарды жақындатуымыз керек. Себебі, ол – мәдениет, ол – сыйластық, ол – тарих. Өнегесі мол сахна үшін, халық үшін жандарын салып, аямай тер төккен азаматтарды біз неге қадірлеп, үлгі тұтпаймыз?! Соларға қарап бой түзейтін жастардың саны көбеймей ме? Солардың өнерге деген кіршіксіз тазалықтарын, түзу ниеттерін бойларына сіңірулері қажет деп санаймыз. Екі жаққа бөлініп, аяғы ешбір бітімге не болмаса шешімге келмейтін бос уақыт алатын бағдарламадан гөрі ұрпаққа үлгі болар тұлғалар жайлы танымдық тележобаны көрген артық екені даусыз.

Ләззат АЛПЫСБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Ұлт мақтанышы қандай болу керек?

Ұлт қаймақтарын Алматы мен Астанадан іздеу әділдікке жатпайды. Ұлт қаймағы болу үшін төрт университет не екі академия бітірудің қажеті жоқ.

Әшірбек Сығай

Көзімді жұмсам, көкірегіме шерлі қобыздың үні естіледі. Ежелден қобыз дала мұны. Неге?..

Ұйықтап кетіппін. Тағы да қобыз үні... дауыс ырғағы бәсендер емес. Еміс-еміс күрсініс үні тағы бар. Күрсінген дауыс қай жақтан шықты деп жүгіріп келем. Алдымда ақылап-үкілеп, ақ таяққа сүйенген абыз ақсақал отыр. Кешегі шошақ бөрікті сақтар ма дерсің тымағына карап. Үстінде желбегей жамылған ақ шапан. Қара торы бетін әжім торлаған, әр қыртысында әр дәуірдің тарихы жатқандай шежірелі қартқа танырқай қарадым. Көзет көзі өңменімнен өтіп кетердей жерге тесіле қарады да, былай деп үн қатты: «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттын қамын жер». Мен де ояндым. Ояндым да ойладым. Әлгі қазақ аузынан тастамайтын «Қыдыр ата» деп жүргені осы кісі болар, сірә. Байғұс шал неге соншалық мүжіліп, неліктен мүсәпірленіп қалған екен?

Сахара саңылағының күрсінісін өзімше бағамдадым. Бұрынғыдай ар сақтайтын емес, жақ сақтайтын заманның жұпыны келбетін көріп, көкірегі қарсы айырылып отырған болар. Амалым нешік, «жаным арымның садағасы, малым жанымның садағасы» деген аталы сөз бүгінде керісінше жаны да, ары да малы үшін қызмет етіп жатқан жоқ па? Оны ойлайтын пенде жоқтың қасы. Бәрі де арзан атақпен, сасық ақшаға құмар. Ақшан болса кез-келген керегің уысында болады деп ойлайтын да болар. Жоқ, сандалмандар сан соққан тоғышарлар. Ақшаға кітапты сатып алсаң да, ішіндегі білімді сатып ала алмайтының сияқты иман, ар, ұят, ұждан, сенім, сезім деген дүниелерді саудаға салуға болмайтынын білсе ғой, шіркін.

Жуырда (21.09.2013) бір аталмыш газеттен көзім шалды. Әшірбек ағай бір сұхбатында: «Ұлт қаймақтарын Алматы мен Астанадан іздеу әділдікке жатпайды. Ұлт қаймағы болу үшін төрт университет не екі академия бітірудің қажеті жоқ» – деп білдірген пікіріне толыққанды келісемін. Демек, ұлт мақтанышы бір ғана адам емес, кез келгеніміз бола алуымыз мүмкін. Бірақ бойымызда ұлтқа деген махаббат, ұлтқа деген сенім, ұлтқа деген намыс, тілі мен діні болуы қажет. Мәселен, кез-келген әйел «Ана» затына лайық емес. Себебі, шыр етіп есік ашқан бейкүнә сәбилерін жастайынан жетім етіп, ана сүтінен айырған әйелді біз қалай «Ана» демекпіз?! «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, балаларына дұрыс тәлім-тәрбие беріп, иманды, ұлықты, білікті қылып өсірген, кез-келген ата-ана ғана «ұлт мақтанышы» деген атқа лайық деп есептеймін.

Расымен-ақ, ұлт қаймақтарының жартысынан көбі ауылда жүрген болар. Неге десеңіз, көптеген зиялы қауымның өзі «ұлтым» деп еңіреп тұрғанымен, ұрпағының екі сөздің басын қосып қазақша сөйлей алмауы жаңағы зиялы азаматтың атына жағылған қара күйе емес пе?!

Ал, ауылда ше? Жанайын деп тұрған жас шынарлардың болсын, еңкілдеп төрін көрі жақын қалған қарттардың болсын ортақ мұны, ортақ қайғысы бар. Ол бүгінгі таңдағы ақпараттық құралдардан мақұрым екендігі. Ауылда алға басудан қарағанда артқа жылжудың немесе бір орында қозғалыссыз дамудың жоқтығы көңілге мұң ұялатады. Сонда да ауылдан қалаға келіп, әдебиетте болсын, мәдениетте болсын топ жарып жүрген жастар аз емес. Демек, сол өлкедегі ұстаздардың, ата-анасының жемісі. Ендеше, «ұлт мақтанышы» деп осы ұстаздарды атай беріңіз. Бойына қаладан білімнің нәрін сіңіріп, туған жерге туымды тігейін деп ауылына аттанған жастарды ата «ұлт мақтанышы» деп.

Бойымызда патриоттық сезім болғанда ғана біз «ұлт мақтанышы» болмақпыз. Амалым не? Әрқайсымыз білермендікке саламыз. Соның кесірінен қия басып жатқанымыз бәрімізге мәлім. Бұрын қалай еді? Бір қауымды ауызына қаратып, ақ пен қараның ара жігін ажыратып, қауымын, ауылын ақ жолға бастаған, ақжолтай ақсақалдарымыз қайда? «Ақсақалдар жоқ» деп айтуға ауызың бармайды, бірақ ол ащы да болсын шындық. Неге десеніз, бұрын кез-келген істің шешімін ақсақалдар беретін. Ал қазіргі таңда қарттардан бір нәрсенің жөнін сұрай барсаң, «баламнан сұра, балам біледі...» дейді. Немесе аузынан ащы судың исі шығып, бас жазғысы келіп отырады. Сонда кім-кінәлі? Қазымыр шал мен кемпір ме? Әлде озбыр келін бе? Әлде ынжық ұл ма? Ағайын туыстың берекесі, ауылы, қауымының ұйытқысы болған қарт болса, міне сол «ұлт мақтанышы». Енесі мен атасының аяғын ыстық суға малып, келіндік парызын дұрыс атқарып, еліне, жеріне жаққан келін болса, міне нағыз «ұлт мақтанышы». Отбасының алдында өз жауапкершілігін сезіне біліп, еңсесімен толағайдай тау көтерген әке болса, міне ұлттың мақтанышы.

Ал жас ұрпаққа ана сүтін ақтап, әке арын сақтау парыз екендігін жадыларыңызға тоқыңыздар. Біле білсеңіздер шарифатта бірінші ананды сыйла, екінші ананды, үшінші тағы да ананды сыйла, ал төртінші әкенді сыйла делінген. Бірінші ананды сыйла дегені – тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтергені үшін. Екінші ананды сыйла дегені – басынан толғақтың қыспағын өткізіп, жан тапсырардай қиналып жарық дүниені сыйлағаны үшін, үшінші құрметте дегені – түн ұйқысын төрт бөліп, түнде жылағаныңда төсегінен тұрып еміздігін бергені үшін дегені екен. Ал соңғы әкенді сыйла дегені – қабырғасы қайысып, белі майысып, мандай тері жерге тамып отбасы, ошақ қасы үшін еңбек ететін әкеге деген алғыс. Осы екі тау тұлғаның үмітін ақтап, тек қана жақсы атын шығарып, перзенттік борышын өтесеңіз, кез-келген жас ұрпақтың ұлт мақтанышы боларыңыз сөзсіз.

Балықтай басымыздан шірімесек жарар еді. Қай жерде болсын, қай елде болсын өлжуметтік алға бастаушы басшылықтың құзырында. Ел арасында адал саясат жүргізіп, ұлт пен халықтың кепілі бола білген бастық болса, ол да «ұлт мақтанышы» деген атаққа әбден лайық.

Ендеше, достар келешек кез-келгенімізге әр түрлі енші болып берілгенімен, айтпағым біреу ғана. Бүгінгі таңда оқушы болғанымызбен ертеңгі ұстаз, ертеңгі маман, ертеңгі ата-ана боларымыз ақиқат. Демек, өз тағдырымыз өз қолымызда. Біз де ел ертеңі үшін еңбек ете білейік. Кез-келген «президент» болып сайланған тұлға біздің асқақтаған ән ұранымызды, елдіктің символы ел таңбамызды, көгімізде желбіреген көк туымызды алмастыруы мүмкін. Бірақ, олар атам заманнан аманат болып келе жатқан найзаның ұшымен, білектің күшін сарп ете қорғаған саф алтыннан да қымбат сөз құралымыз – қазақ тілімізді, ана тілімізді және де ақиқат жолына бастаушы, ақіретте адастырмай жұмаққа апарып, сүйінші ететін асыл дініміз – ислам дінін алмастыра алмас-ау. Отанды сүю иманнан бастау алады. Еліміздің тірегі – тілде, елдігіміздің дінгеі – дінде. Әрқайсымыз ұлт мақтанышы болуға талпынайық!

Нұрислам ӘБДІЛ,
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы



Мені солай өкіндіргі суреттер

Үйдегі ескі альбомдарды балғын кезімізде балалықпен ақтара беретінбіз. Бүгінде сондағы кейбір беймәлім адамдарды әлі күнге дейін танымай есейіп кеттік. Әйтеуір, кейбіреулерін шырамытып дәл тауып жататынымын. Сол бір түссіз суреттердің ішінен көзіме ыстық басылатындары болған-ды. Неге екенін қайдам?! Алматы қаласының Республика сарайының алдында түскен үш-төрт жігіттің ішіндегі жүзі жылы, сабырлы кейіппен түскен біреуді «сол кісі шығар...» деп жорамалдаушы едім. Онымен қоймай ыстық болып көрінген жорамалымдағы жанды екінші бір ескі суреттен және көріп қалдым. Тағы да тапсам екен деген үмітшіл көңілмен альбомдарды тағатсыз

ақтара беретінмін. (Әлі күнге дейін осы әдетімнен айныған емеспін). Көңілге асқақ медеу болған әлгі екі суретті Алматыға өзіммен бірге ала кеткенім әбестік болды емес пе?! Ерең еңбекпен жиған сол байлықты айдын күннің аманында жоғалтып алдым. Салғырттығым белең алып, екі құнды тарихи суретті жоғалтып алғаным үшін әлі күнге опынумен келемін.

Биязы, шашын сол заманның сәнімен аздап өсірген, тебіндеп шыққан сирек мұртты «сол кісі» деп отырғаным – әйгілі желтоқсан қаһарманы, халық батыры Қайрат Рысқұлбеков еді. Менін бір мақтанатын, мақтанышқа ерекше ерік беретін тұсым осы болар. Қайратымен қасқая жалын кешкен, тәуелсіздіктің бейбіт таңын орнатуға патриоттық сезімімен үлкен үлес қосқан, арда айбын Қайрат Рысқұлбековтың туысымын. (Қайран шешем Қайрат Рысқұлбековтың шешелері арқылы «бөле» болып келеді). Кішкене кезімде анамнан Қайрат аға жайлы аргідік сұрайтынмын.

Қайрат ағамыздың анасы Дәметкен шешені қайтыс боларына дейін анда-санда (кейде жыл арылтып) көріп қалып жүрдім. Қайраттай есіл азаматты дүниеге әкелген, «Батыр ана» деген лайықты бағаға ие болған ардақты ана еді. Нағашы туысымның тебірең айтқан бір әңгімесін әлі ұмытқан емеспін. Айтуынша, Қайрат ағамен қызықты өтетін ауылдық тойдың үстінде шекісіп қалса керек. (Ол жанжалдың неден шыққанын дұрыс естімей қалдым, және өзім де қазбалап сұрауға бата алмадым). Жүрегінде мейірімділігі бар, жігітке сай дара мінезі мәжбүрледі ме, Қайрат аға темір торда отырған шағында нағашыма сол тойдағы келеңсіздік үшін кешірім сұрап, хат жазып қалдырған-ды.

Екінші бір нағашымның әңгімелеуінше былай. Әдеттегідей, сабақтан ба әлде кезекті аула ойнынан келе жатқанында, алдынан Қайрат ағамыз мезгілсіз жолығып қалып: «Ешкім тиісіп жүрген жоқ па?» – деп сұрағанын айтады. Ағалық қамқорлық дегеніңіз осы емес пе?!

Мұхтар Шахановтай арыс ағамыз жырлағандай: Ноғайбайдың ұлы болып аттанып, Халық қаһарманы болып оралған біздің өмірдің сарабал тұлғасы Қайрат аға жайлы ой-толғамымды қағазға түсірген жайым міне, осы. Жазғанды қайдам, жоғалған бағалы екі суретті айтсаңызшы, суретті... Болған істен сабақ аларлықтай санамыз болса игі еді. Қандай да бір іске енжар болып, салғырт қарауға болмайды екен. Әйтпесе, айналдырған екі суретті көзден таса қылып алардай не көрініпті?.

Әсет АҚМОЛДА,

«Театртану» мамандығының 1-курс студенті

А. Қадыралиева шеберханасы

Бүгін таңғы 5:12 де оянып алып ұйықтай алмадым. Өған: «Сен қазір тәтті ұйқыда жатқан шығарсың. Ал, маған ұйқы келер емес. Тыныштығыңның күзетшісіне айналған аймен сырласып отырмын. Саған менің ғашық екенімді айтшы деп өтініш жасасам, «Мен ол оянғанда болмаймын» дейді. Мені кешірші... кеше ашу үстінде болдым. Сені сүйем, арман шағалам!» – деп жазып жібердім де ұйқыға кеттім.

Оянған соң дереу ұялы телефонымға қарадым. «Мен кешірsem де, екеуіміздің жүргенімізді ешкім қаламайды ғой...» деген хабарлама келіпті. Мен: «Ал сен ше?» дедім дереу. Ол: «Мен қалаймын!» Оның ұялы телефонына белгісіз нөмірмен қоңырау шалып, Меломен тобының «Арман шағала» әнін тыңдаттым. Бұл ән оған әсер ететініне сенемін. Былтыр ауылда оның туған күнінде екеуіміз ұзақ тыңдаған тұғынбыз.

Түн. Сағат 23:47-ні көрсетіп тұр. Менде ұйқы жоқ, жаныма маза жоқ. Өткенде ұялы телефонымда сан айлар бойы сақтаған, одан келген хабарламалардың бәрін жойып тастаған едім. Бірақ, оны жүрегімнен жоя алмаппын. Енді не істеймін?..

Бақытыңды сенің тілеп жүрермін,
Мен үшін қымбат болғаның шығар...
Статусыңнан жүректі көрдім,
Өзгені сүйіп қалғаның шығар...

Ә... маған өзі жазды. «Кешір, саған жазбасам тұра алмаймын!» – деп. Оған қоңырау соғуға шешім қабылдадым. Нөмірін терген кезде жүрегім ауырды, тыным таба алмадым. Өкінішке орай, телефон тұтқасын көтермеді.

Бағынуды тағдырға
Мен ұғындым жайменен
Жерге кетіп қалдың ба?
Егіз туып айменен
Сағынуға салдым ба?
Суретіңді ойменен
Біздің жаққа бардың ба?
Біз жүретін жолменен.

Ренжулімін сағымға,
Сені менен жасырған.
Мен жүгіндім сабырға,
Кетпеші деп қасымнан.
Ескертемін самалға
Сипама деп шашыңнан.
Мен ғанамын ғаламда,
Бір өзіңе ғашық жан...

Осы бір ғашық күйімде тыңдаған әр ән ол екеуіміздің махаббатымыздың саундтрегіне айналған. «Ауырмайды жүрек» – онымен ауылдағы мектепте ең соңғы рет вальс билеген ән. «Есте сақта»... Осы әнге билеп жүргенімізде: «Есте сақта мен жазған хаттарды» деп әндеткенмін. «Сағынамын сені сағынамын, қайда жүрсең ұмытпашы жалынамын...» – деп қателеспесем, тоғызыншы сынып оқып жүргенімде күнделігіме жазып қоятынмын. Бір күні сәті түсіп ол оны оқыды.

Ол – менің ұстазым. Ол маған «Ғашықтық», «Қызғаныш», «Қоштасу» деген ұғымдарды үйретті. Бірақ, ол да менің мектептегі ұстаздарым сияқты жанымда мәңгі қалмайтын секілді.

Жаралағанда бұл жанды,
Күйзеліп іштей мұң кешем.
Айға мен ашып сырларды,
Айнамен де тілдесем.

Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Режиссура», «Кино және ТД операторы», «Кинотану» бөлімдерінің студенттері мен оқытушылары университет басшылығының қолдауымен қыркүйек айының 19-25 күндері аралығында Алматы қаласында өткен XI Халықаралық «Еуразия» және I Халықаралық «Шәкен шоқ жұлдыздары» кинофестивальдерінің жұмысына қатысып келді. Аталмыш фестивальдер Алматы қаласының әкімі Бауыржан Баубектің қолдауымен жүзеге асырылып отыр.

«Еуразия» Халықаралық кинофестивалінің конкурстық бағдарламасына он елдің көркемсуретті фильмдері қатысты. Олардың ішінде отандық «Жат» фильмі де (реж. Е. Тұрсынов) қазылар алқасы мен көрерменнің назарына ұсынылды. Фестиваль «Ұлы Жібек жолы: Шығыс пен Батыс мәдениет байланысы» ұранымен өткізілді.

Алматы жылдағы дәстүр бойынша шетелдік және отандық танымал актерлерді қызыл кілем үстінде қарсы алды. Қазақ және әлем киносы мен өнерінің жарық жұлдыздары, атап айтқанда КСРО халық артисі, кино және театр актері А. Әшімов; кинофестивальдің құрметті Президенті, ҚР Еңбек Ері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚазҰОУ ректоры А. Мұсақожаева, Ресей артисі Н. Аринбасарова, кинофестивальдің бас директоры, кинорежиссер Р. Нұғманов, қазылар алқасының төрағасы, кинорежиссер А. Сиссақо, кинорежиссер А. Сатаев, т.б. киногерлер фестивальдің құрметті қонақтары болды. Фестивальдің ашылу салтанатында Айман Қожабекқызы құттықтау сөзін білдіріп, «Славян базары - 2015» ән байқауының жеңімпазы, оқу ордамыздың студенті Д. Құдайберген керемет ән шашуын тарту етті. Университеттен арнайы барған бір топ студенттер легі Ресейден келген кинодраматурғ М. Фатахов, режиссер С. Соловьев секілді кинематографистердің фестиваль аясында өткізген шебер-сыныптарына қатысып, мол тәжірибе жинады. Сонымен қатар, жақын арада жарыққа шығатын «16 қыз» (Ә. Ержанов), «Жаңғақ тал» (Е. Нұрмұхамбетов), «Игорь» (Н. Төребаев) секілді т.б. фильмдердің таныстырылымы өтті.

25 қыркүйек күні кинофестивальдің жеңімпаздары анықталып, бас жүлдені қырғызстандық режиссер М. Әбдіқалықовтың «Көктегі қоныс» фильмі иеленді. «Ең үздік режиссерлік жұмыс» аталымы бойынша «Набат» фильмі үшін әзірбайжандық Э. Мусаоглу жеңімпаз атанса, «Жат» (реж. Е. Тұрсынов) фильмінде басты рөлді сомдаған Е. Нұрымбет «Ең үздік ер адам рөлі» аталымы бойынша жүлдеге ие болды. Әйел бейнесін үздік сомдағаны үшін «Набат» фильмінің актрисасы Мотамед-Арья жеңімпаз деп танылды. Қазылар алқасы тағайындаған арнайы жүлдеге «Сүйікті іс» фильмінің режиссері А. Викрам Сэнгупта (Үндістан) ие болды. «Еуразия» кинофестивалінде Халықаралық қазылар алқасымен бірге ФИПРЕССИ және НЕТПАК киносыншылары жұмыс істеді. ФИПРЕССИ қазылар алқасы жүлдесін «Шлагбаум» фильмі үшін қазақстандық режиссер Ж. Пошанов иеленді, ал НЕТПАК қазылар алқасының шешімімен режиссер Д. Жолжақсыновтың «Құнанбай» фильмі «Орталық Азиядағы үздік фильм» номинациясын жеңіп алды.

Сондай-ақ, «Шәкен шоқ жұлдыздары» кинофестивалінің конкурстық бағдарламасына енген «Сағынтайдың бірінші әйелі» (реж. Д. Саламат) басты рөлді сомдаған А. Сембаева «Ең үздік әйел бейнесінің рөлі» аталымы бойынша жүлдеге ие болды. Халықаралық қазылар алқасының төрағасы, белгілі режиссер, жиырма шақты жүлденің иегері атанған – А. Сиссақо, ал фестивальдің директоры – танымал кинорежиссер Р. Нұғманов болды. «Еуразия» кинофестивалінің аясында қазақстандық белгілі режиссер А. Сатаевтың «Хакер» фильмінің әлемдік тұсаукесері өтті. Басты

рөлді сомдаған, америкалық Каллэн Мак Олифф келді. Аталмыш шараның жабылу салтанаты кезінде кинофестивальдің құрметті Президенті Айман Мұсақожаева Мак Олиффке қазақтың ұлттық аспабы домбыраны сыйға тартты.

Қазақстандық жас режиссер Ж. Пошановтың «Шлагбаум» кинотуындысы осы жылдың 8 қазан күні көрерменге жол тартады. Бұл фильм «Партизандық кино» қозғалысы аясында түсірілген болатын. Фильмінің сюжеті өмірде болған оқиға желісімен түсірілген. Аталған фильм осы жылдың маусым айында Мәскеуде өткен Халықаралық кинофестивальге қатысып, басты рөлді сомдаған актер Е. Дайыров «Ең үздік ер адам рөлі» аталымын жеңіп алған еді. Режиссер Ж. Пошанов сондай-ақ, «Жел қызы» (2010), «Жұлдыздарға арналған коктейль-2» (2011) көркемсуретті фильмдері мен «Сұңқар» (2013), «Күләш» (2013) телесериалдарының режиссері. Осындай кинофестивальдердің аясы кеңейіп, тәжірибе алмасып, студенттердің өз мамандығына деген қызығушылығын ынтасын арттырып, кино өлеміне жана серпіліс әкелетініне сенеміз. Ал, енді назарларыңызға аталмыш фестивальден фотосуреттер легін ұсынамыз.

Назгүл АҚШАЛОВА,
«Кинотану» мамандығының 2 курс студенті
өнертану кандидаты, доцент Н. Мұқышева шеберханасы





«Памятка для первокурсника»

Каждый год поступившие на первый курс нашего университета будущие знаменитые певцы, актеры, хореографы, музыканты, режиссеры, искусствоведы и т. д. первые месяцы учёбы изучают здание «Шабыта». Они ищут нужные аудитории, стараются не спутать свой лифт с учительским, и, конечно же, найти короткий путь к столовой. Не забыла про первашей и наша библиотека.

Ежегодно в нашем университете сотрудниками библиотеки проводятся «Дни информации». Специально для впервые прибывших они выпустили «Памятку для читателя первокурсника» и провели экскурсию по библиотеке. В ходе экскурсии юноши и девушки посетили читальный зал, научный зал, зал художественной литературы, медиатеку, читальный зал периодических изданий. К слову, наша библиотека хранит около 130 тысяч изданий!

Информация от сотрудников нашей университетской библиотеки

Все читальные залы библиотеки рассчитаны на самостоятельную работу студентов. Книги в залах расставлены по отраслям знаний, а внутри разделов – по алфавиту.

Как пользоваться электронным каталогом?

Каждая книга имеет свой расстановочный шифр. Узнайте в электронном каталоге адрес документа: место хранения, расстановочный шифр, фамилию автора, заглавие и год издания книги.

В читальных залах можно изучать учебную, справочную литературу, периодические издания, компакт диски, аудио-видеокассеты, документы.

Зачем нужен абонемент?

Абонемент – это возможность получить литературу (учебную, научную, нотную, художественную) домой на определенный срок: от 10 дней до 1 учебного года. Узнайте расстановочный шифр нужной книги и запишите его. Передайте информацию о книге библиотекарю абонемента и получите книгу. Если Вы потеряли или испортили библиотечную книгу, закон «О библиотечном деле» дает Вам право компенсировать причиненный ущерб точно такой же книгой или оплатой рыночной стоимости издания.

Просьба в залы библиотеки верхнюю одежду, еду, напитки не проносить. Отключать звук на сотовых телефонах. Если вам нужно ответить на звонок, выйдите в коридор. Соблюдая эти элементарные правила поведения, вы проявляете уважение к окружающим вас людям.

Следите за поступлением новых книг, больше читайте, развивайтесь!

Международный кинофестиваль в г. Пусан (Южная Корея)

С 1-10 октября текущего года начал свою работу 20-ый юбилейный Международный кинофестиваль в г. Пусан (Южная Корея). Кинофестиваль в Пусане признан важнейшей демонстрационной площадкой международной киноиндустрии кино профессионалами всего мира. Кинофестиваль специализируется на показе новых фильмов и работ начинающих режиссёров.

В программе кино фестиваля мастер классы известных мировых кинематографистов – Люк Бессон, Оливер Стоун, Вим Вендерс, Жюльет Бинош, Вонг Карвай и т.д.

Казахский национальный университет искусств (Кафедра «Кино и ТВ») продолжает работу

по интеграции в международное кинематографическое образовательное пространство. Гостями кинофестиваля были ректор КазНУИ, профессор А.К. Мусахаджаева, заведующий кафедры «Кино и ТВ» Т.Т. Тайшанов, старший преподаватель режиссуры анимации Б.А. Жунусбеков, старший преподаватель режиссуры игрового кино Е.М. Нурмухамбетов и студенты старших курсов кафедры «Кино и ТВ» показавшие отличные результаты в процессе учёбы в КазНУИ.

На Международном кинофестивале в г. Пусан состоялась премьера художественного фильма «Жаңғақ тал» (Ореховое дерево), снятого на базе киностудии «Қазақфильм» им. Ш. Айманова старшего преподавателя КазНУИ по специальности «Режиссура игрового кино» Ерлана Нурмухамбетова. Фильм «Жаңғақ тал» Ерлана Нурмухамбетова попал в основной конкурс «Новые течения» («New Currents»).



Международный день музыки

*Музыка воодушевляет весь мир,
снабжает душу крыльями,
способствует полету воображения;
музыка придает жизнь и веселье всему существующему...*

*Ее можно назвать воплощением
всего прекрасного и всего возвышенного*

Платон

1 октября во всем мире отмечается праздник Международный день музыки. Он учрежден согласно решению Международного музыкального совета (ИМС) при ЮНЕСКО. Его инициаторами стали сэр Иегуди Менухин (в прошлом председатель Международного музыкального совета) и известный музыковед Борис Ярустовский. Впервые День музыки отмечался в 1974 году. Цель этого праздника – популяризация музыки.

Мы решили провести анкетирование среди студентов и преподавателей нашего вуза. Задавались следующие вопросы:

1. Отмечаете ли Вы День музыки? Если да, то как?
2. Ваш путь к музыке?
3. Нравилось ли Вам обучаться в музыкальной школе? Если нет, то какие занятия Вы пропускали чаще всего?
4. Самое яркое впечатление, связанное с музыкой?

Результаты анкетирования. В опросе приняли участие студенты и преподаватели (всего около 50 человек).

1. Международный день музыки отмечают всего несколько студентов специальности «Искусство вокала»: как правило, они ежегодно участвуют в концерте, посвященном этому празднику.

2. Путь в музыку у наших опрошиваемых музыкантов начинался, как правило, горячего родительского желания обучить свое чадо. Не всегда желание родителей совпадало с желанием наших опрошиваемых. В музыкальную школу чаще всего приводили мамы. Они занимают почетное 1-е место. На 2-м месте бабушки, на 3-м – дедушки.

Самым необычный музыкальный путь среди участников анкетирования оказался у Кошумбаева Камала. Родители отдали его в музыкальную школу, где Камал обучался в разные годы на трех инструментах – фортепиано, скрипке и баяне. После 4-х лет обучения он оставил школу и начал заниматься танцами. Затем последовал спорт – кикбоксинг. В Карагандинском колледже искусств им. Таттимбета студент обучается уже по специальности «Артист музыкальной драмы».

Кстати, не все музыкальные гении пришли в музыку с ранних детских лет! К примеру, Игорь Стравинский начал обучаться только с 9 лет. По воспоминаниям самого композитора, первая учительница категорически запрещала ему импровизировать за роялем! Профессиональное образование Стравинский так и не получил, предпочитая брать частные

уроки по композиции у Н.А. Римского-Корсакова уже в юношеском возрасте.

3. Почти все наши опрашиваемые прилежно обучались в музыкальной школе. Однако бывали исключения из правил. Пропускались уроки по хоровому пению, музыкальной литературе, но чаще всего по сольфеджио. Бывали пропуски и двойки по специальности! Об этом честно признался Негметулла Харрасович Каримов, который получил «неуд», обучаясь искусству игры на скрипке. Двойка сыграла свою положительную (!) роль: Негметуллу Харрасовича перевели со скрипки на альт в класс замечательного педагога-альтиста Якова Фудимана. Сейчас Н.Х. Каримов является профессором нашего университета, который воспитал плеяду лауреатов.

4. Музыкальные впечатления у опрашиваемых музыкантов были разными: посещение исторических концертов (назывались концерты Ю. Башмета, С. Рихтера, Д. Фишер-Дискау, Д. Шостаковича), участие в конкурсе (детские, международные), посещение репетиций подителей-музыкантов, услышанная мелодия по радио или телевидению (Гимн СССР, песни из мультфильмов «Бременские музыканты» и «Ну, погоди!»).

Подводя итоги нашего маленького социологического исследования, отметим, что День музыки мы, профессионалы, почему-то не отмечаем с подобающим размахом. Пусть же празднование станет доброй традицией нашего университета и не только!

«Любите и изучайте великое искусство музыки. Оно откроет вам целый мир высоких чувств, страстей, мыслей. Оно сделает вас духовно богаче. Благодаря музыке вы найдете в себе новые неведомые вам прежде силы. Вы увидите жизнь в новых тонах и красках».

Д.Д. Шостакович

Б. БАЛБАЕВА,
студентка 4 курса специальности музыковедения,
У. ИМАНГАЛИЕВА,
магистрантка 1 курса специальности музыковедения

Куратор рубрики «Музыкальный акцент» **Д.М. МОСИЕНКО**



С приветом из Италии!

Уже с первых дней учебного года мы спешим поделиться отличными новостями! В Италии прошёл Международный конкурс арфистов, где выступили наши учащиеся. Помимо привезённых дипломов и сертификатов девочки привезли отличные отзывы о своей игре от признанных мастеров и, конечно, море впечатлений! Подробнее о поездке нам расскажет старший преподаватель класса арфы Мукажанова Магруфа Кудайбергеновна.

– Здравствуйте, Магруфа Кудайбергеновна! Расскажите, пожалуйста, о вашей поездке.

– С большим удовольствием! В конце августа две мои ученицы Камалова Айнур (4 курс колледжа) и Арыкбаева Диана (8 класс школы) приняли участие в Международном конкурсе арфистов в городе Салуццо в Италии. Это был первый конкурс для моих учеников, причем международного уровня. Надо признаться, на нас легла большая ответственность: нельзя было упасть в грязь лицом, ведь мы представляли свою страну.

– Наверное, вы долго готовились к этому конкурсу?

– На самом деле, нет. С подготовкой к конкурсу у нас было много проблем. Не имея собственных инструментов мы могли заниматься только в стенах университета. Играли 2-3 часа в одном классе, каждый музыкант понимает, что этого катастрофически мало. Но мы рискнули и поехали на конкурс в прекрасную Италию. Испытанием для нас стал перелёт, но мы выдержали! Вообще, всё, что мы увидели и услышали там, стало для нас подарком за наше терпение и старание.

– Известно, что солнечная Италия – страна, полюбившаяся многим людям искусства, побывавшим там в своё время. Как она приняла вас? И как проходил непосредственно конкурс?

– Вы правы, и нам в Италии очень понравилось. На конкурсе же нас окружала отличная атмосфера и доброжелательное отношение к конкурсантам. Условия, которые были созданы для конкурсантов просто удивили. Особенно то, что все конкурсанты репетировали в отдельных классах и были обеспечены новыми великолепными арфами фирмы Сальви. В фойе продавались ноты, диски и много сувениров, связанных с арфой.

– Была ли у вас возможность послушать других исполнителей?

– Да, это также было предусмотрено организаторами. В рамках этого конкурса был организован фестиваль, где в течение шести дней проходили концерты. Известные исполнители



на разных арфах, начиная с кельтской классической до электрической, представили слушателям разнообразную программу.

– **Что ещё вам запомнилось из поездки?**

– Помимо конкурса мы посетили Музей В. Сальви, основателя фабрики по выпуску арф. Здесь нам показали весь процесс изготовления арфы. Мы увидели коллекцию редких старинных арф. Увиденное произвело на нас неизгладимое впечатление!

– **Что же явилось результатом такой насыщенной программы в Италии?**

– Самое главное, мы получили бесценный опыт и знания, послушав не только признанных мастеров-арфистов, но и игру других конкурсантов разных возрастных категорий. Наши девочки выступили достойно, получили отличные отзывы от профессоров и Президента конкурса. Конечно, радует то, что мне вручили диплом отличного преподавателя.

Конечно, нам еще надо много заниматься. Но эта поездка и участие в конкурсе дали огромный стимул для дальнейшего развития. Теперь мы знаем, к чему стремиться. Есть много приглашений, будем стараться и дальше!

– **Есть ли у вас какие-то определённые планы на будущее, как у преподавателя?**

– В этом году в мой класс поступили две первоклашки: Камила и Назия. Очень понравилось то, что мамы сразу заказали для своих девочек маленькие арфы. Большие классические арфы стоят дорого, но для первых шагов приобретённые заботливыми родителями маленькие леверсные кельтские арфы очень подходят. Первые уроки проходят успешно. Надеюсь, эти две милые девочки когда-нибудь станут знаменитым дуэтом арф!

– **Желаем Вам и вашим ученицам успехов в познании столь прекрасного инструмента и, конечно, новых побед!**

– Большое спасибо!





ART GALLERY



Автор: Азамат МУКАНОВ
2 курс «Операторское искусство»
Мастерская – Тайшанова Т.Т.



A photograph of autumn maple leaves. The leaves are in various stages of color change, from bright yellow to deep red. The background is a clear blue sky. The leaves are arranged in a cluster, with some in sharp focus and others blurred. The overall mood is serene and beautiful.

Астана 2015 жыл